

I. Білім беру ұйымының жалпы сипаттамасы

Білім беру ұйымының толық атауы:

«Қызылорда облысы білім басқармасының Қармақшы ауданы бойынша білім бөлімінің «№79 негізгі мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

• **Білім беру ұйымының орналасқан жері:** Қызылорда облысы, Қармақшы ауданы, Қызылтам ауылы, Сарыжылуан көшесі, № 1 үй

• **Заңды тұлғаның байланыс деректері:**

Байланыс телефоны: 8 (72437) 4-01-87

Электронды поштасы – karm79_mektep@mail.ru

Мектеп сайты - <https://79mek-karmakshy.testim.kz/>

• **Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері:**

Мыржақов Әсет Тынымбекұлы, Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы «Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексінің» 33бабының 1-тармағы, 34,111бабына және ҚР 2025 жылғы 31 наурыздағы №57 және Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2025 жылғы 31 наурыздағы №96 бірлескен бұйрығымен Қармақшы ауданының білім бөлімінің 04.09.2025 жылғы № 54 бұйрығымен «Қармақшы аудандық білім бөлімінің №79 негізгі мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің директоры қызметіне тағайындалған.

Заңды тұлға өкілінің байланыс телефон нөмірі: 87089489377

Құқық белгілейтін және құрылтайшылық құжаттары:

• Мектеп заңды тұлға ретінде Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі, Қызылорда облысының Әділет департаменті Қармақшы ауданаралық әділет басқармасы 2021 жылдың 21 қаңтарында (атауының өзгеруіне, қатысушылар құрамының өзгеруіне, жарғының немесе ереженің жана редакциясы) мемлекеттік қайта тіркеуден өткен, БСН 050240009544.

Білім беруге құқықтық лицензия: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Қызылорда облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті. Лицензия №KZ65LAM00006983, лицензия берілген күні 18.06.2025ж.

• Құрылтайшылар: «Қызылорда облысының қаржы басқармасы» мемлекеттік мекемесі, БИН 050240009544

• Мектептің техникалық төлқұжаты – 1989ж.

«Қызылорда облысы білім басқармасының Қармақшы ауданы бойынша білім бөлімінің №79 негізгі мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жарғысы өзгертулер мен толықтырулар енгізіліп, Қызылорда облысының Әділет департаменті тарапынан 15.01.2021ж. бекітілген.

«Қызылорда облысы білім басқармасының Қармақшы ауданы бойынша білім бөлімінің «№79 негізгі мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің іргетасы 1974 жылы ең алғаш №246 сегіз жылдық мектеп

болып, тұрғын үй есебінде салынды. 1989 жылы Қармақшы аудандық әкімдігінің шешімімен №79 тоғыз жылдық мектеп болып құрылды және «№79 негізгі мектебі» болып өзгертілді. Қызылорда облысы әкімдігінің 2021 жылы 13 қаңтардағы №180 шешімімен «Қармақшы аудандық білім бөлімінің №79 негізгі мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі «Қызылорда облысы білім басқармасының Қармақшы ауданы бойынша білім бөлімінің №79 негізгі мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі болып қайта аталған.

Мектепте спорт зал, акт зал, асхана, кітапхана, медициналық бөлме және компьютер сыныптары бар. Жылу, су және кәріз жүйелері дербес түрде (автономды) қамтылған.

Мектепте оқушыларға медициналық қызмет көрсетуді жүзеге асыратын арнайы бөлме жұмыс жасайды, медициналық жабдықтармен қамтамасыз етілген. Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасынан медициналық қызметті жүзеге асыруға мемлекеттік лицензия алынған, алғашқы берілген уақыты 18.02.2021ж №21008444, Медициналық кабинеттің ауданы 28,01 шаршы метр, толық жабдықталған.

Білім беру ұйымында 20 орындық асхана жұмыс жасайды, тамақтану объектісінің санитариялық қағидалар мен нормаларға сәйкестігі туралы санитариялық - эпидемиологиялық қорытынды 16.06.2016 жылы №N.03.X.KZ11VBS00032916 алынған. Асхана құрал-жабдықтармен, тамақ ішетін орын, ас әзірлеу орнымен қамтамасыз етілген. Оқушылар тұтынатын азық-түлікке, тамақтарға рұқсат етілген, сертификатталған өнімдер пайдаланылуда, ас мәзірлері бекітілген. Әлеуметтік қолдауды қажет ететін отбасы балалары ыстық тамақпен қамтамасыз етілген. Мектепте білім беру қызметі 2 сатыда (бастауыш, негізгі) жүзеге асырылады. Оқыту тілі – қазақ. Ауысым саны – 1

Мектеп директоры:  Ә.Мыржақов